

ӘОЖ 81`243:316.422.42

СПОРТ – ҰЛТ НАМЫСЫН ҚАЙРАЙТЫН САЛА

Сағадинова Ырысты Есімжанқызы

Sagadinova99@mail.ru

ЕҰУ, Нұр- Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Б.Ш. Кадрина

Әлемде барлық ел, ұлт өзгеріс үстінде. Себебі, ғаламдағы процесстің жаһандану үрдісі тез жүруде. Экономикасы, білімі, медицинасы дамыған әлемдегі алпауыт мемлекеттердің қатарына қосылу үшін бізде саяси және экономикалық реформа болуы қажет. Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев "Рухани жаңғыру" бағдарламасында айтады: "Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ықылым заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңі ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын"[1].

Рухани жаңғыру бағдарламасы халық арасында тарағаннан бері көптеген мерекелік кештер, жарыстар ұйымдастырылды. Алайда, бағдарламаның негізгі мәні - ұлтымызға тән салт-дәстүрімізді қазіргі заман талабына сай жаңғырту, тілімізді, ділімізді, дінімізді құрметтеу. Қарапайым халықтың ойлау жүйесі еркін, дербес болып, көкірек көңілі ояу, саналы ұрпақ тәрбиелеу. "Мәдени мұра", "Үштілділік" саясаты, қазіргі кездегі "Жастар жылы", барлығы дерлік Батыс мемлекеттерінің озық тұсын алып, бойымыздағы өз халқымызға тән дәстүрімізден айнымау. Рухани жаңғыру бағдарламасы туралы ғылыми мақаланы спорт журналисі болғандықтан, өзіме жақын тақырып, спорт төңірегінде түсіндіремін.

Қазақ халқы қашаннан ұлттық спорт түрлеріне бай халық. Қазақша күрес, көкпар, қыз қуу, бәйге, аударыспақ, тағы басқа спорт түрлері бағзы заманнан бері халқымызбен бірге жасасып келеді. Халық арасындағы ауыз әдебиеті арқылы батырларымыздың күші мен ерліктері бізге жеткен. Батырлар жырында олардың ерліктерін сағаттап жырлаған. Тарих ғылымдарының атасы Геродот өз еңбегінде сақтарда ат үстіндегі өмір мен садақ атуды бала кезден үйрететінін жазып кеткен. Қанмен сінгесін болар, халық төзімділікке жасынан бейімделген. Ең алғаш жаттығулар туралы ақпарат "Түркістан уалаяты" мен "Дала уалаяты" газеттерінде жарияланып отырған. Дала алқабындағы күрес пен тартыс туралы жазған. Күні бүгін де олар өздерінің мән - мазмұнын жойған жоқ. Себебі, ұлттық ойындар тәрбие берудің бір көзі болып табылады. Мысалға, Армения елінде жаздың соңында нарасард ойындары өтеді. Ол кезде жүгіруден жарыс пен ауыр салмақтағы заттарды көтерсе, грузиялықтар

жүгіру мен таяқ арқылы секіруден жарысады. Түрікменстан мен Өзбекстан елдерінде ат жарыстары мен күрес ұлттық ойындарына жатады [2].

Ағылшын елінде кеңінен етек жайған, түп тамыры қаланған ұлттық ойыны футбол туралы ақпаратпен бөлісе отыра, Қазақстанмен салыстырмалы анализ жасаймыз. Неліктен футбол? 2006 жылы Лос-Аламосағы (АҚШ) ұлттық лаборатория зерттеушілері кейінгі жүз жыл бойына адам ойлап тапқан алданыш атаулының жұртшылыққа әсерін түгел зерттей келіп, «Жер бетінде адам баласын футболдай қызықтырып, еліктіретін ештеңе жоқ екен» деп айран асыр болды. Яғни, ғаламшарымыздағы адамзат ұрпағының тең жартысын теледидарға телмірте алатын (2010 жылғы әлем чемпионаты кезінде анықталған мағлұмат) футбол деген күдіреттің бұл дүниеде ешқандай теңдесі жоқ деген сөз. Ағылшын мен Қазақстан футболын салыстыру деген сөйлемнің өзі жанкүйерлер жүзіне күлкі сыйлауы мүмкін. Футболдың отаны мен біздің мемлекет қазіргі таңда салыстырарлықтай деңгейде емес екені бесенеден белгілі. Алайда, "рухани жаңғырудың" өзі бәсекелестікке қабілеттілікті білдіреді.

Футболдың алғаш 1863 жылы Англияда арнаулы ережесі бекітіліп, тұңғыш қауымдастық құрылды. Сондықтан Англия аталмыш спорт түрінің отаны болып есептеледі. Бірақ Футболға ұқсас аяқ доп ойынының түрлері ежелгі Мысыр, Қытай, Грекия, Римде, ал онан кейінірек Франция мен Италияда дамыған. Кейіннен бұл спорт түрі біраз өзгерістерге ұшырап, футбол деген атаумен бізге жетті. 19-ғасырдың соңына қарай Футбол Еуропа мен Латын Америкасы елдеріне кеңінен тарай бастады. 1904 жылы халықаралық футбол федерациясы (ФИФА), 1954 жылы Еуропа футбол қауымдастықтары одағы (УЕФА) құрылды. 1900 жылдан олимпиялық ойындар бағдарламасына енген. 1930 жылдан төрт жылда бір рет әлем чемпионаты және 1958 жылдан Еуропа кубогы жарыстары өткізіліп тұрады[3]. Ұлыбританиядағы төрт елдің әрқайсысы өзінің аумағында футбол мәселелерін басқарумен айналысатын өз ұлттық футбол қауымдастығына ие. Бұл 1863 жылы құрылған Англия футбол қауымдастығы, 1874 жылы негізделген Шотланд футбол қауымдастығы, Уэльс футбол қауымдастығы 1876 жылы негізделсе, 1880 жылы Ирландия футбол қауымдастығы құрылды. Бұл әлемдегі төрт ең ескі футбол қауымдастықтары.

Ал Қазақстанға футбол қашан келді деген сұрақ оқырманды қызықтыратыны белгілі. Елімізге футбол 1909 — 1910 жылдары келді. Әуелі Орал, Атырау, Ақтөбе, Павлодар, Семей, Петропавл қалалары жастарының ермегіне айналған өнер, бара-бара бұқаралық сипат алды. Қолда бар деректер бойынша алғаш команда құру 1911 жылы басталған. Семейде М.Сайдашев, А.Кәрімов, Ю.Нығматулин, т.б. жергілікті қазақ және татар жастарынан тұратын “Жарыс” командасын құрып, көптеген өнерпаздар мен спортшылардың елге танылуына себепкер болды. Сол команданың құрамында ұлы жазушы, ғұлама ғалым Мұхтар Әуезов жартылай қорғаушы болып ойнаған. 1914 жылы семейліктер алғаш рет Томск қаласының политехникалық институты студенттерімен жолдастық кездесу өткізді. Бұл Қазақстан футболының кіндігі кесілген жыл болып есептеледі. Қазақ футболының отаны - Семей қаласы.

Барлық әлем халықтары спортқа аса маңызды көңіл бөледі. The New York Times басылымының статистикасына сүйенсек, оқырмандардың 79% әдебиет тақырыбына қызықса, 64% мәдениет пен театрды, 80% спорт тақырыптарын жиі оқиды. Еліміздің танымал спорт журналисі Руслан Меделбек: "Спорт журналистикасының деңгейі Олимпиада ойындары кезінде берілетін аккредитациямен есептеледі. 2012 жылғы Олимпиададан кейін бізге берілетін рұқсат қағазы 4-ден 10-ға дейін көбейді. Ал Ресейден 90, Германиядан 180 журналист барады. Евроспорттың өзіне 20 рұқсат береді. Халықаралық жарыстардан ғана тәжірибе жинауға болады. Барлық ресурс, негізгі мықты ақпарат көздері ағылшын, француз тілдерінде сөйлейді" [4].

Әлемдік спорттағы терминдерді өз тілімізге аудару жөнінде спорт шолушысы Нұрғазы Сасаев: "Спорт терминдерін түгелдей аудару міндет емес. Өйткені қазақшаға аударылмайтын да сөздер бар. Мысалы - гол, гимнастика, пас, рапира, т.б. Алайда кейбір спорт терминдерінің қазақша баламасы болғаны да артық етпейді. Мәселен, офсайд - ойыннан тыс қалу, ринг - шаршы алаң", -десе, спорт журналисі Мадияр Арыстанбаев :

"Спорт терминдері дәл қазіргі қазақ спортындағы үлкен мәселенің бірі болып тұр. Оның себебі де жоқ емес. Қазақ тіліне икемделе қоймайтын терминдер бар, мысалы, футболда "навес", "прострел" сынды сөздердің аударыла қоюы қиын. "Прострелды" комментаторлар "әуелете тастады", "әуелете асырды" деп айтады, алайда "прострелнизом" дегенді қалай айтамыз?" - дейді.

Матч – футбол ойыны.

Стадион — футбол ойыны өтетін спорт кешені.

Трибуна — жанкүйерлер ойын қарай алатын аймақ.

Тайм — ойынның 2 бөлігінің бірі. Әр тайм 45 минуттан тұрады.

Команда — бірнеше футболшыдан құралған спортшылар қауымдастығы.

Дриблинг – футболшының допты түрлі маневрлар арқылы өзімен бірге ұзақ қашықтыққа алып жүре алуы. Қазіргі футболда сирек кездесе де кейде болып тұрады.

Финт — футболшының қарсыласын әдемі қимылдар алдап өтуі.

Прессинг — қарсыласқа пас алмасуға немесе жаңа шабуыл жасауға мүмкіндік бермеу амалдары.

Камбэк — ірі есеппен ұтылып жатып ойынды тең аяқтау немесе ұту [5].

Жоғарыда анықтама берілген барлық сөздер футбол ойынында жиі қолданылады. Бірақ, спорт комментаторлары мен журналистері әлемдік осы сөздерге аударма жасамайды. Лингвистика мамандары спорт саласындағы сөздердің аудармасына әлі күнге тиісінше көңіл бөлмеген. Содан болар, қазіргі таңдағы ақпарат елімізде көбіне рыс тілінде жарық көреді.

Жоғарыда жазылғандай, спорт саласындағы мәлімет көбіне ағылшын және француз тілдерінде беріледі. Қазақ журналистерінің қазіргі халі тек соны аударумен шектеліп отыр.

"Енді ең салмақты ұсыныс дене тәрбиесінің халық денсаулығына тигізер әсерін, үлкен спорттың ел абыройын көтерер тетіктердің бірі екенін ел болып мойындайтын болсақ, осы мемлекет болашағы үшін маңызы зор салаларды үнемі назарда ұстап, оның өсу-өркендеу, даму немесе кері кету барысын біліп отыру үшін, Үкімет басшысының осы саладағы арнаулы ақыл қосары болғанын жөн санаймыз. Атақты А.Шварценеггердің, даңқты Пеленің өз елінің басшыларына дәл осылай көмекші болғанын тарих теріс дей алмас" - деп Н.Жүнісбайұлы өз ой - толғамдарын қысқа әрі нақты қорытындылайды. Бүгінгі таңда спорт саласының "Мәдениет және спорт министрлігіне" қарайтыны белгілі. 1986 жылы Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясын (виолончель сыныбы бойынша) бітірген Арыстанбек Мұхамедиұлының мәдениет және спорт министрі екенін ескерсек, 2003 жылы жазылған арманның тек жартылай ғана іске асқанын байқаймыз.

"Ел туын ел Президентінен кейін спортшы көтертеді, ел Әнұранын ел Президентінен кейін спортшы жеңісі ойнатады" деген сөзді қайталасақ та жетеді. Олай болса, тәуелсіз мемлекет болып, дара даму жолына түскен Қазақстанның спорттық бағытына да баланың ойыны деп қарамай, терең мемлекеттік маңызы бар сала, ел ерекшелігін, халық мерейін, тіпті ұлт абыройын асқақтатар мемлекеттік дәрежедегі маңыз алған сала деп салмақ сала түсінсек қандай ғанибет.

Мақаланы қорытындылай келе, спорт саласына әлемдік державалармен теңесуіміздегі ең үлкен тетік деп қарай білуіміз керек. Екіншіден, қазақ спортындағы әлемдік терминдердің аудармасын дұрыстау керек. Үшіншіден, қазақ ұлтының намысын ояту керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru>
2. "Спортивная журналистика"/ Тапанова С.Е., Жумабеков М.К./ учебно-методическое пособие. - 126.
3. Aladop.kz
4. 7 күн / "Спорт журналистикасының бүгіні: проблемалар, жетістіктер, мамандардан кеңес" / <https://7kun.kz/17233>
5. Arular.kz